

I. Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Тәрбиеші:

Армысың, алтын күн!

Армысың, көк аспан!

Армысың, достарым,

Жылуыма жылу қос!

Балалар бір-біріне жылы тілектер айтады.

II. Негізгі бөлім

Әңгімелесу

Тәрбиеші:

— Балалар, біз қай елде тұрамыз?

— Қазақстанның бас қаласы қалай аталады?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Астана туралы түсінік

Астана — Қазақстанның бас қаласы. Астана өте әдемі, үлкен қала. Онда биік ғимараттар, әсем саябақтар бар. Астанадағы ең танымал ғимарат — Бәйтерек.

Суретпен жұмыс

Балалар Астананың көрікті жерлерін атайды:

- Бәйтерек
- Ақорда
- Хан Шатыр

